

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 4 (856) 21 қаңтар 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru



Президент

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРЫ (ҚӘҚ) құрылды

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры (ҚӘҚ) құрылды. «Қазақстан халқына» қорына түскен қаржы 7 банкте сақталады «Қазақстан халқына» қорындағы әр теңгенің қайда жұмсалғанын ел көріп отырады - Болат Жәмішев Қор келесі міндеттерді орындайтын болады: - Қазақстан Республикасының халқына денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында мемлекеттік қолдау шараларынан тыс қосымша қамтамасыз ету мәселелері бойынша қайырымдылық көмек көрсету; - төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде Қазақстан Республикасының зардап шеккен халқына көмек көрсету; - халықтың әлеуметтік осал топтары және осал топ балаларына спорттық инфрақұрылымның дамуы және қолжетімділігін арттыру бойынша жәрдемдесу; - Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары, арнайы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасыларына және басқа да көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созу, қолдау; - Қор қызметінің басқа бағыттары бойынша қайырымдылық көмек көрсету. Қорды қаржыландыру жеке көздерден, халықаралық қайырымдылық ұйымдарының қаражатынан, лотерея қызметі операторының, ставкаларды есепке алу орталығының және басқа да монополистердің міндетті аударымдарынан, ірі бизнес тарапынан тұрақты аударымдарынан, қайырымдылыққа, оның ішінде квазимемлекеттік секторға арналған қаражаттан жүзеге асырылатын болады. Қордың Қамқоршылық кеңесі «Қазақстан халқына» бірауыздан ҚӘҚ төрағасы қызметіне Болат Жәмішевтің кандидатурасын ұсынып, қолдады. «Қазақстан халқына» ҚӘҚ - ның жоғары басқару органы ретінде Қорға қатысушылардың жалпы жиналысы, бақылаушы орган ретінде Қамқоршылық кеңес, атқарушы орган болып Басқарма және бақылаушы орган болып Тексеру комиссиясы тағайындалады. Бизнес-қоғамдастықтың өкілдері мен көмек ретінде қол ұшын созғысы келетін азаматтар «Қазақстан халқына» Қорының шотына келесі реквизиттер бойынша қаражат аударылады: «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры, ЖСН/БСН: 220140006999, КБЕ 18, KZ97601A871001692501 KZT, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры, ЖСН/БСН: 220140006999, КБЕ 18, KZ52722S000011856768, «Kaspi bank» АҚ.

Президент күштік құрылымдардың басшыларымен кеңес өткізді

2022 жылғы 15 қаңтар
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өкілетті органдар басшыларының кеңесі өтті. Жиынға Бас прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің бірінші басшылары, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің басшылығы мен Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты қатысты.

Мемлекет басшысына қаңтар айының бірінші онкүндігінде еліміздің бірқатар өңірінде болған оқиғалар бойынша сотқа дейінгі алдын ала тергеу амалдарының барысы, сондай-ақ арнайы жүргізілген операциялардың нәтижелері, елімізде қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету шаралары туралы баяндалды.

Кеңес қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар нақты тапсырмалар берді. Қазақстанда, соның ішінде Алматыда болған қайғылы жағдайларды жан-жақты зерттеу мәселесіне, қаза болған бейбіт тұрғындардың нақты санын анықтауға, қиын-қыстау кездерде күштік құрылымдардың іс-қимылдарын үйлестірудің жаңа нормативтік базасын әзірлеуге баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысына Арнаулы операциялар күштерін жасақтау жұмыстарын жеделдетуді және ұлттық қауіпсіздік жүйесін қайта құру жөнінде нақты ұсыныс беруді тапсырды.

Президент лаңкестікке қарсы операциялар мен тергеу шараларын жүргізу барысында азаматтар құқығының бұзылуына жол бермеудің маңызды екенін айтты.

ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ҚАҒИДАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің қалыптасуының басынан бастап мемлекет этносаралық келісімді қамтамасыз етуге басым көңіл бөледі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізін қалаушы Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, этносаралық келісім қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі болып табылады. Бұл негіз «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңда, Конституцияда, сондай-ақ басқа да маңызды мемлекеттік актілерде көрсетілген.

Этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімнің негізгі қағидадары мемлекеттік қызметте де табысты іске асырылуда.

Осылайша, Мемлекеттік қызмет туралы заңда Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу, айқындық пен ашықтықты қамтамасыз ету қағидадары жазылған, олар кадрлық іріктеуді одан әрі жетілдіру арқылы оны цифрландыру, комиссияның тәуелсіз мүшелерінің қатысуымен онлайн-режимде әңгімелесуді ұйымдастыру есебінен қамтамасыз етіледі.

2011 жылы қабылданған Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырымдамасына сәйкес әрбір мемлекеттік қызметші өзінің діни сеніміне, этностық және діни қатыстылығына қарамастан, мансаптық саты бойынша көтерілу, кәсіби өсу үшін қажетті білім алу жолымен өзінің шығармашылық мүмкіндіктері мен мемлекеттік қызметтегі құзыреттерін іске асыруға құқылы. Меритократия қағидаты осылай жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысында 370 жергілікті және 117 аумақтық мемлекеттік органдар жұмыс істейді, онда 22 этнос өкілдері (қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, немістер, өзбектер, кәрістер, белорустар, поляктар, әзірбайжандар, башқұрттар, молдавандар, шешендер, чуваштар, мордовиялықтар, армяндар, удмурттар, литвалықтар, гректер, грузиндер, еврейлер, адыгейлер) түрлі лауазымдарда жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік этносаясат, этностар мен конфессиялар мәселелері бойынша оқытуға көп көңіл бөлінеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы жанынан Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының тапсырмасы бойынша 2011 жылы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталық ашылды. Этносаралық саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру мақсатында 2020 жылы жаңа қолданбалы этносаяси зерттеулер институты құрылды.

Академияның облыстық филиалында ауылдық округ әкімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстарында этносаралық қатынастар мен келісім негіздерін зерделеу бойынша дәрістер өткізіледі.

Мемлекеттік қызметке тарту мақсатында Департамент оқу орындарының студенттерімен, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық филиалының этникалық топтар өкілдерімен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу мәселелері бойынша түсіндіру кездесулерін, бос орындар жәрмеңкесін өткізеді, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ақпараттар материалдар орналастырылады.

Этносаралық келісім қағидадарын сақтау мәселелері мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудағы басты бағыттардың бірі болып табылады.

Жүргізіліп отырған саясатқа сәйкес әрбір азамат Қазақстанның біртұтас халқының өкілі болып табылады және біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосуы тиіс.

Г. САРСЕМБАЕВА,

Мемлекеттік қызмет қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

БОСТАНДЫҚ БАҒАЛАНБАҒАН КЕЗДЕ

СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының пробацзия қызметі бөліміне С.есімді сотталғанның ісі келіп түсті. Оған бұған дейін 5 жыл бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы тағайындалған еді. Кейін өтелмеген бөлігі өзгертіліп, аудандық сот үкімімен тағайындалған 3 жыл 2 ай 29 күн мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылды. Пробацциялық бақылау орнатылған. Есепке қою кезінде сотталған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің шарттары мен тәртібімен, оған сот жүктеген міндеттермен және оларды орындамаудың салдарымен танысты. СҚО Тайынша аудандық сотына бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген мерзімін ауыстыру туралы мәселені шешу үшін сотталған С-ға қатысты ұсыным жіберілді. СҚО Тайынша аудандық сотының қаулысымен бұл ұсыныс өндіріске қабылданды және ұсынысты қарастыру тағайындалды. Сотталған осы қаулымен таныстырылды. Сондай-ақ, тұрғылықты жері бойынша тексерілді, онда оған пробацциялық бақылаудан жалтарған жағдайда жауапкершілік туралы түсіндірілді. Бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы сот процесіне пробацция қызметіне келуге міндетті туралы түсініктеме алынды, сотталған С-мен кезекті рет әкімшілік құқық бұзушылықтарға және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу шарттарын, тәртібін бұзуға жол бермеу бойынша профилактикалық әңгіме өткізілді. – Сотталған ер адам пробацция мәселесіне тағайындалған сот процесіне қатысқан жоқ. Осыған байланысты сотталғанның досы тұратын тұрғылықты жері бойынша тексерілді. Оның досы осы мекен-жайда отбасымен тұратынын түсіндірді. С.есімді сотталғанның қайда екенін білмейтінін айтты. Сотталғанның анасынан да жауап алынды, ол ұлының үйден бірнеше күн бұрын кеткенін, қайда екенін білмейді, сондай-ақ ер адам пробацция қызметі бөлімінде тіркеуге келмеген, – деді СҚО бойынша ҚАЖ департаментінде. Сотталғанның ұялы нөміріне қоңырау соғылды, бірақ бұл нөмір сөндіріліп болды, сондықтан оның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік болған жоқ. Осылайша сотталған пробацциялық бақылаудан әдейі жасырынған. Осыған байланысты Тайынша ауданының ПҚБ қызметкерлерімен алғашқы іздестіру іс-шаралары жүргізілді. Бастапқы іздестіру іс-шараларының нәтижелері бойынша сотталғанның орналасқан жерін анықтау мүмкін болмады. Сотталған ер адам үшін түзету жолына түруға, отбасымен үйде тұруға, жұмыс істеуге және бостандықта болуға мүмкіндік берілді, бірақ ол осы мүмкіндікті пайдаланбай, өзі үшін қорытынды жасамады. Осыған байланысты СҚО Тайынша аудандық сотына С.есімді сотталғанды “күзетпен ұстау” түріндегі бұлтартпау шарасымен іздестіруге жариялау туралы ұсыныс жіберілді. Кейін сотталған Тайынша ауданының ПБ қызметкерлерімен ұсталды. Сот пробацция қызметінің сотталғанға қатысты ұсынысын қарап, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтелмеген мерзімге 2 жыл 4 ай 26 күнге ауыстырды.

Тайынша ауданының ПҚБ инспекторы
СҚО бойынша ҚАЖД әділет капитаны
А. Ахмедьярова.

Газет оқырмандарының сұрауы бойынша

Аудан бойынша жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызмет бойынша кеңес алу үшін телефон нөмірлері

«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 22342
«СҚО Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 76796
«СҚО Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 75197
«СҚО Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 42671
«СҚО Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32525
«СҚО Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32525
«СҚО Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 74235
«СҚО Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 77373
«СҚО Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 51203
«СҚО Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32148
«СҚО Тайынша ауданы Краснополя ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 54217
«СҚО Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 52310
«СҚО Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 37590
«СҚО Тайынша ауданы Рошинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79071
«СҚО Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 42001
«СҚО Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 77118
«СҚО Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79041
«СҚО Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 70014
«СҚО Тайынша ауданы Яснополя ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 73394
«СҚО Тайынша ауданы Тайынша қ. әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79042
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» КММ	8 (715 36) 22075, 21259
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	8 (715 36) 41072
«Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ	8 (715 36) 23347, 22527
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	8 (715 36) 22697

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2022 жылғы 18.01. № 05-21/129 хатын басшылыққа ала отырып, Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру процесін тоқтата тұру қажеттігі туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық кеңестің қолданыстағы құрамы өз қызметін уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін жалғастырады.

«Байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізу туралы хабарландыру» 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 3 (855) «Тайынша таңы» аудандық газетінде жариялау жарамсыз деп есептелсін.

Аудандық мәслихат.

ТҮТЫНУШЫНЫҢ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ РӘСІМДЕРІ

Әлемдегі 190 елдеріндегі Дүниежүзілік банктің аналитиктер тобы жыл сайын қолайлы жағдайда бизнестің жүргізілуіне зерттеу жүргізеді. Дүниежүзілік банктің сарапшылары кәсіпкерлердің реформалары нақты ел үкіметімен өткізілетін сауалдамада қатысушылардың пікірін салыстыру негізінде талдау өткізіледі. Осындай объективті талдау оның немесе басқа елдің инвестициялық тартымдылық экономикасын және бәсекелес дәрежесінің артықшылығын анықтауды мүмкіндік береді. Зерттеуде сондай-ақ, іскерлік ахуалының мұнан ары дамуының жолы, оларды еңсеру ұсыныстары, кәсіпкерлік дамуда кедергілерінің себептері көрсетіледі.

«DoingBusiness» Дүниежүзілік банктің рейтингінде, мемлекет басшысымен Қазақстан 30 елдің қатарына кіріуіне міндеттелді, еліміздегі бизнес-климатты жақсарту үшін, үкіметпен айтарлықтай көп жұмыстар жүргізілуде.

«Doing Business-2020» баяндамасына сәйкес, 28 орыннан 25-ке көтерілді. Өткен жылмен салыстырғанда Қазақстан өз көрсеткіштерін 3 тармаққа жақсартты. Сарапшылар Қазақстан мемлекетінің Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина және Өзбекстан елдерінен алға озып шығуын белгіледі.

Қазақстан Дүниежүзілік банктің «Doing Business - 2020» халықаралық рейтингі есебінің «Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу» индикаторы бойынша 67 орын алды (2018 жылы Қазақстан 76 орында болған).

Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 43 бұйрығымен электрмен жабдықтау желілеріне қосылу процедурасын жеңілдету мақсатында келесі нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

- «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидалары» ҚР ЭМ 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығымен бекітілген,

- «Электр энергиясын пайдалану қағидалары» ҚР ЭМ 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген,

- «Электрмен жабдықтау үлгілік шарттары» ҚР ЭМ 2017 жылғы 23 қазандағы № 356 бұйрығымен бекітілген.

- Бұйрықпен келесі өзгертулер мен толықтырулар алдын ала қарастырылған:**

- тұтынушының электрмен жабдықтау келісім-шартына нақты қол қою қажеттілігін жою;

- тұтынушыға (жеке және заңды тұлғалар) электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін «бір терезе» арқылы құжаттарды ұсыну мүмкіндігі;

- электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін құжаттар санын азайту;

- энергиямен жабдықтау ұйымын өзгерту жағдайларын жақсарту;

- техникалық шарттарын алу мерзімдері мен құжаттарын қысқарту;

- тұтынушының жобалық құжаттамасын энергия беруші ұйымдарымен келісу үшін норманы алып тастау;

- тұтынушы мен энергия жабдықтаушы ұйымдар арасында төлем құжаттарының түбіртектерін тапсыратын қағаз құжат айналымының қысқаруы;

- тұтынушы тұтыну шарттарын бұзған жағдайда қайта есептеу жағдайларын жақсарту (қайта есептеу өшірүсіз жүзеге асырылады).

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ Заңының (әрі қарай - Заң) 11-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш бес жұмыс күні ішінде қаралады, техникалық шарттарды алу мерзімі 14 күннен 5 жұмыс күніне қысқартылды. Техникалық шарттарды беру және қайта рәсімдеу үшін ақы алынбайды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі

№ 242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 68-бабына және Қазақстан Республикасының

2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V «Жол жүрісі туралы» Заңының 68-бабына өзгерістер енгізіліп, тұтынушыларға өз уақытын жұмсамау үшін, мердігерге асфальтталған жол бөлігімен қоса, құрылыс-монтаждау жұмыстарын басталу туралы хабардар жолдауға рұқсат берілген. Сонымен қатар, мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау бойынша органынан электр желісіне қосылуға рұқсат алу қажеттілігі жоқ.

Н.П.БОРЗИЛОВ,

«ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департаменті» ММ-сі басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЭТИКАСЫ

Сұрақ: Қазір Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді, енді жеке қабылдау қалай жүргізіледі? **Жауап.** Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау ҚР ӘРПК 90 бабына сәйкес жүргізіледі. 1. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. 2. Қабылдау белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс. 3. Егер жолданымды лауазымды адам қабылдау кезінде шеше алмаса, ол жазбаша нысанда баяндалады және онымен жазбаша жолданым ретінде жұмыс жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасы.

БЖЗҚ-ДАН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ 2022 ЖЫЛЫ 5 ПАЙЫЗҒА КӨТЕРІЛДІ

БЖЗҚ-дан төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы № 1042 қаулысымен (2021 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілген өзгерістермен) бекітілген Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады. Осы Әдістемеге сәйкес зейнетке шыққан адамдарға төлемдер былайша есептеледі: зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесі – 6,5% -ға көбейтіліп, одан кейін 12-ге бөлінеді.

Нәтижесінде төлем алынатын бірінші жылы БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдер мөлшері есептеп шығарылады. Белгілі бір санаттағы алушылар: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен кемінде алпыс ай жинақталып, жұмыс істеген адамдар үшін зейнетақы төлемдерін есептеу әдістемесінде түзету ұлғайту коэффициенттері көзделген.

Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері жыл сайын зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесі – 5% ұлғайтылады.

Осылайша, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 1 сәуірінен бері зейнетке шыққан зейнеткерлерге төленетін төлемдер **5% көбейді**. 2018 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 1 сәуірі аралығында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын іске асырған тұлғалар ескі Әдістеме бойынша төлемдерін алды. Яғни, зейнетақы жинақтарының сомасы ағымдағы құн коэффициентіне көбейтіліп, 12 айға бөлінген болатын. Алайда 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың былтырғы зейнетақы төлемдері **де 5% индекстелді**.

Айта кетейік, БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі **ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес** мөлшерде жүзеге асырылады. Тиісінше, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-дан ең төменгі төлем 25 212,60 теңгені құрады.

Егер, төлем алуға өтініш берген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан **бір рет төленеді** (2022 жылы – 555 624 теңге = 12 * 46 302 теңге).

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін төлем алу құқығын іске асырған зейнеткерлер үшін 2022 жылы есеп мынадай: олардың зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен (2022 жылы 30 x 46 302 = 1 389 060 теңге) **ең жоғары шаманы** және зейнетақы жинақтарының сомасын алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтуден тұрады. Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары **таусылғанша** төленеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясында анық жазылғандай мемлекеттік тіл біреу, ол – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздікті нығайтудың, еліміздің елдік, халықтық сипатын сақтап қалудың және қоғамдық келісімнің ең басты кепілі болып саналады. Елімізде тұрып жатқан барша халық, ұлт пен ұлыс қолданатын тіл. Кез келген дамыған мемлекеттердің өз тілдері бар. Тілдерін қадірлейді, қастерлейді, бұрмалауға жол бермейді, бәрі заңмен қарастырылған. Осындай тілдер ғасырдан-ғасырға дамымаса құлдырап, құрдымға кетпейді. Кезінде соғыстан, бір елден екінші елге бағынышты болуынан тілдер жойылса, кейіндері басқыншы тілдердің үстемдігінен жойылды. Қазіргі таңда халық саны аз, қолданыстан шыққан, дамымайтын, дамыта алмайтын мемлекеттің тілдері өшіп жатады.

Ғылымда бірде-бір адам сөйлемейтін тіл өлген тіл деп саналады. Ал ұлты бар да тілі жойылса не болмақ... Расул Гамзатов: - «Егер менің тілім ертең өлсе, мен бүгін өлуге дайынмын» - деген екен. Бұлай деуі Расул ағамыздың перзенттік парызын жоғары ұстанып, болашақ ұрпаққа «тіліңді сақта», - деген аманаты болып тұр. Тіл мамандарының дерегіне қарағанда, 2100 жылға дейін әлемде 3500-дей тіл қолданыстан шығып, жоғалады екен. Бұл деген бүгінгі таңда дүниежүзіндегі бүкіл тілдердің тең жартысы болмақ. Бір тілдер өліп жатса келесі бір тілдер тірілуде. Мысалы: өмірде көптеген қиыншылық тауқыметін тартқан еврей халқы өздерінің қолданылатын ертеде қол ұзіліп қалған еврит тілін тауып, зерттеп, зерделеп қайта жарыққа шығарып отыр. Бұл әрекет ақшаның күшімен бе, ақылдың күшімен бе әлде ұлттық рухтың күші ме әйтеуір өз тілдерін үкілеп төріне шығара білді.

Айтайын дегенім - өз ана тілім.

- Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес, - деп бабаларымыз тегін айтпаған болар. Маржандай тізіліп, өрнегі келісіп, бір бояуын екіншісі әрлендіріп тұрғандай ана тіліміздің қазіргі таңдағы көркі, құлаққа жағымды, үні әуезденіп келетін тамаша тіліміздің естірі құлақтың есін шығарып, сыңар қанат құстай қалбалақтап жүргеніне қалайша налымаймыз? Тілдің сәнін де салтанатын, әуезді өзегін бұзып отырған өзіміз. Тіліміздің жарасын ешбір ұлт пен ұлыс жазып бермейді. Оны дәрімен емдеп, бақсы-балгерге үшкіртіп, немесе санаға ота жасатсаң да, тіл кемістігін жаза алмайсың. Ит екеш иттің де, құс екеш құстың да өз тілі бар. Ал біз тірі адам емеспіз бе? Сауысқанның қарқылдап, иттің мөңірегін осы жасыма дейін естіген емеспіз.

Ананың сүті – өмірдің кілті, - демекші ананың ақ ұызына тойған баланың алпыс екі тамырына ұлттық қасиеттің даритыны баршаға аян, сондықтан жаның да, тәнің де ананың сүтінен нәр алып, ұлт болып қалыптасады. Қазақтан туып, орыс болғанды негірден туып, қытай болғанды да көргеніміз жоқ.

Әр ұлттың баласы анасының адал сүтін емген болса, сол ұлттың тілі мен діліне, дініне, салт-дәстүріне, тарихы мен мәдениетіне деген жүрек қалауы қалыптасады. Қазақтың есін жаңа біліп, қоршаған ортаны тани бастаған баласына күй естіртсең, балуандардың күресін көрсетсең, жүйрік аттардың бәйгесін көрсетсең, он екі мүшесі қозғалып, көзі жанып, ұшып кете жаздайды. Неге? Себебі, ол қазақтың баласы. Адам баласы осылайша дамиды, қалыптасады.


«Ала сөйлеп, ұлыққа жаққанша, адал сөйлеп, жұртқа жақ», - демекші мен осы мақаламды еріккеннің ермегі үшін немесе ақылсымақшы болып, абырой-атақ термек үшін жазып отырған жоқ. Қазіргі таңда ұлттық қадір-қасиетіміздің, рухымыздың әлсіреп бара жатқанынан жазып отырмын.

Тұңғыш Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы арқылы, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы арқылы қазақтың бар болмыс-бітімін тайға таңба басқандай, болашаққа апарар айқын жолды көрсетіп берді. Енді не керек? Жайнамазыңды жайып намазыңды оқысаң да, кез келген жерде ана тіліңде сөйлесең де оюын қиыстырып ұлттық киім кисең де, - қой, - деген жан бар ма? Керісінше рухыңды көтер, өткеніңді өзекке теппе, болашаққа нық қадам бас деп, бар мүмкіншілікті жасап беріп отыр.

Естіге айтқан тура сөз, Шыңға тіккен түмен тең. Езге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сүмен тең. - Бұл Майқы бидің сөзі. Сан ғасыр бұрын айтылған сөз. Болашағын көргендікпен көре білген екендігіне таң қаласың, екінші жағынан шамданасың. Ана тілі баланың бойына ананың ақ сүтімен, сонан соң әлдиінен басталады. Балабақшада таңдайды, орта мектепте дамиды, жоғары оқу орнында жетіледі. Қоғамда өз мәресіне жетеді. Біз сонда қай жерінде қателік жіберіп алдық. Әр ата-ана осыған мән беру керек. Ұлттық болмысымыз жайында көп толғануға болады алайда, -малдың күйі азығында, мәнді сөз азығында, - демекші, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні өзіміз жасап отырған кемшілікті өзімізден іздеп, өзіңнің әр ісіңе сын көзбен қараған дұрыс шығар. Ұлттық қадір-қасиетімізді, ұлттық болмысымызды, ар-ожданмызды төмендетіп алмайық, ағайын!

Қаратай ТӨЛЕКЕЕВ,
газеттің тұрақты оқырманы.

ОМИКРОН ШТАММЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?



ҚАЗАҚСТАНДА
«ОМИКРОН» ШТАММЫ
ТЕЗ ТАРАЛУДА

Әлемнің 89 елінің деректері негізінде жасалған КВИ бойынша жоғары деңгейдегі Еуропалық сарапшылар тобының деректеріне сәйкес, Omicron VOC нұсқасына Delta нұсқасына қарағанда 3-4 есе көп трансмиссивтілеу.

Солайша, Omicron-ды екі есе көбейту уақыты шамамен 2-3 күнді құрайды. Алайда, қазіргі уақытта Omicron VOC-ның Delta-ға қарағанда қауіпсіз екендігі дәлелденбеген.

Сарапшылардың пікірінше, әлеуметтік байланыстарды шектеу және үй-жайлардағы халық тығыздығын азайту таралу қаупін азайтады, себебі, таралу оқиғалары көбіне тығыз байланыста болатын жерлерде, желдетуі нашар бөлмелерде болды.

Omicron штаммын жұқтыру қаупін төмендетудің кілті:

1. Үш дозалы вакцинация режимін (немесе екі доза + емделген Covid инфекциясы) барлығына вакцинацияның толық схемасы ретінде қарастырылуы керек;
2. Әлеуметтік байланыстар мен жұмыс орнындағы өзара әрекеттесуді азайту - берілісті азайтудың ең тиімді әдісі.

Өзара әрекеттесу болған кезде келесі шаралар таралу қаупін төмендетуі мүмкін:

3. Адамдар орналасқан бөлменің ауасын тазарту;

4. Физикалық алыстауға мүмкіндік беретін адамдар тығыздығын азайту;
5. Үй-жайлар мен көшелерде маска режимін міндетті және қатаң түрде сақтау;
6. Бұқаралық шараларды шектеу;
7. Осал адамдар үшін барлық сақтық шараларын күшейту.

Осы шаралардың ешқайсысы жеке-жеке тиімді емес, бірақ біріктірілген кезде олар инфекцияның таралу қаупін едәуір төмендетуі мүмкін. Олар коменданттық сағат, қатты локдаун немесе оқу орындарын жабу сияқты төтенше жағдайларда оданда қатаң шараларды болдырмау үшін ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мәліметтері бойынша

КОРОНАВИРУСТЫ ЕМДЕУ
ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК

Соңғы күндері елімізде коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың өсуі байқалады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры коронавирустың белгілерін анықтаған пациенттерге қалай әрекет ету керектігін еске салады.

ПТР-тест

Егер Сіз суықтың, тұмаудың немесе пневмонияның белгілерін сезсеңіз, онда ПТР әдісімен коронавирусқа тест тапсыра аласыз. Мұны емхананың сүзгі-кабинетіне жүгіну арқылы жасауға болады. Сондай-ақ, басқаларға жұқтыру қаупін төндірмеу үшін Сіз емхананың тіркеу бөліміне немесе анықтама бөліміне қоңырау шалып, **үйге мобильді топ шақыра аласыз**. Бұл жағдайда зерттеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ақысыз жүргізіледі, өйткені бұл айналадағылар үшін қауіп төндіретін инфекциялық ауру. Яғни сақтандырылған болу міндетті емес.

Сондай-ақ, ПТР-тестілеу коронавирус анықталған пациентпен **байланыста болған** адамдарға жүргізіледі. Сонымен қатар, сүзгі кабинеті арқылы байланысуға немесе мобильді топты үйге шақыруға болады.

Шетелге шығуға мүмкіндік алу үшін ПТР азаматтың өз есебінен төленеді. Сондай-ақ, егер теріс ПТР бар сертификат қандай да бір ұйымға немесе жұмыс орнына бару үшін талап етілсе, онда тестілеу өз қаражаты есебінен немесе жұмыс берушілердің келісімі бойынша төленеді.

ПТР-тест тегін жүргізілетін жағдайлардың тізбесі:

- медициналық көрсеткіштер бойынша фильтр кабинетіне жүгінген кезде-ЖРВИ және вирустық пневмония белгілері болған кезде;
- коронавирустық инфекцияға күдікті науқас үшін мобильді топты үйге шақырған кезде;
- жедел тест нәтижесі оң болған жағдайда стационарға шұғыл емдеуге жатқызу кезінде;
- жоспарлы емдеуге жатқызуға немесе ауруханаға дейінгі тексеруге жіберу кезінде;
- жүкті әйелдерге 37 аптадан бастап босануға емдеуге жатқызу үшін;
- гемодиализдегі пациенттерге.

Мобильді бригадалар

Пациенттер айналасындағыларға қауіп төндірмеуі және ауру белгілері бар емханаға баруы, сондай-ақ үйде қажетті медициналық көмек алуы үшін әрбір МСАК ұйымының жанынан **COVID-19 бар науқастарды амбулаториялық бақылау бойынша мобильді бригадалар** құрылды. Олар өз аумағындағы қоңырауларға қызмет көрсетеді, жұмыс уақыты – 8.00-ден 20.00-ге дейін. Егер пациент тіркелген жері бойынша емхана аумағында тұрмайтын болса, оған 103 - ке көмек сұрап жүгіну қажет. 20.00-ден кейінгі қоңырауларға жедел жәрдем де қызмет көрсетеді.

Мобильді бригаданың функцияларына мыналар кіреді:

- ЖРВИ белгілері бар немесе алғашқы жүгінген кезде коронавирус инфекцияға күдікті пациентке үйге бару;
- Амбулаторлық бақылаудағы немесе үйде оқшаулаудағы пациенттерге шығу;
- COVID-19-ға күдік болған кезде ПТР-тестілеуді өткізу;
- Дәрілерді тағайындау және қажет болған жағдайда оларды ауруханадан тыс пневмония және созылмалы аурулары бар пациенттерге жеткізу;
- Пациенттерге олардың жай-күйіне дербес мониторинг жүргізу үшін көмек көрсету;
- Амбулаториялық пациенттің медициналық картасын ресімдеу.

КТ немесе рентген

Егер өкпеде қабыну процестерінің дамуына күдік болса, компьютерлік томография немесе кеуде қуысының рентгенографиясы жасалады. Диагностиканың бұл түрлері пациентке тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде **тәуліктік стационарға емдеуге жатқызу** кезінде тегін жүргізіледі. Сондықтан пневмония белгілері бар сақтандырылмаған науқастарға да көмек көрсетіледі.

Ауруханаға жатқызу денсаулық жағдайы үйде емделуге мүмкіндік бермейтін пациенттерге қажет-сатурацияның төмен деңгейімен, енгізудің жоғарылауымен және өздігінен дем ала

алмауымен, өкпенің зақымдануының жоғары деңгейімен байланысты жүргізіледі. Сатурацияның бірдей төмендеуімен екі науқаста ауруханаға жатқызудың әртүрлі көрсеткіштері болуы мүмкін екенін ескерген жөн. Сондықтан емдеуге жатқызу үшін ПТР-дің оң нәтижесі жеткілікті.

Егер сөз **емхана деңгейінде (емдеуге жатқызусыз)** тексеруден өту туралы болса, онда ол жүйелі түрде жарналар төлейтін және сақтандырылған пациенттерге тегін жүргізіледі, өйткені бұл диагностикалық қызметтер МӘМС пакетіне кіреді.

Үйде, оның ішінде үчаскелік дәрігердің бақылауымен емдеу нәтижелері бойынша белгілі бір уақыттан кейін пациентке динамикалық жағдайды тексеру үшін КТ-дан өту қайтадан тағайындалуы мүмкін.

Үйде емделуді шешкен пациенттерге еске салу маңызды: аурудың клиникалық белгілерінің жоғарылауы және әлауқатының нашарлауы орын алған жағдайда үчаскелік дәрігерге хабарлау қажет.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда инъекциялар, тамшылар алуға тіркелген пациенттер үшін үйде күндізгі стационар ашу қарастырылған. Мұндай жағдайда оларға үйде дәрігерлік тағайындаулар (манипуляциялар) жүргізу үшін емхананың медицина қызметкері барады.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

Тәулік бойғы стационарға емдеуге жатқызу кезінде пациент емдеу хаттамасына сәйкес қажетті дәрі-дәрмектерді алады.

Амбулаториялық деңгейде емдеу кезінде ҚР ДСМ №75 бұйрығына сәйкес дәрілік қамтамасыз ету көзделген (белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесі).

Бұл жағдайда пациент емдеуші дәрігерден рецепт алады, оның негізінде оған емхана дәріханасында дәрі беріледі. COVID-19 ағымының жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде (ЖРВИ белгілері) пациент парацетамол, ибупрофенге сүйенеді. Егер пневмония, тромбоземболия қаупінің ықтималдығы туралы айтатын болсақ, амбулаториялық деңгейде пациент дабигатран капсулалары мен ривароксабан, аписабан, парацетамол және ибупрофен таблеткаларын ала алады.

Оңалту және қалпына келтіру

Тексеруден, диагноздан және емдеуден кейін кейбір жағдайларда **ағзаның қалпына келуіне көмектесу керек**. Әсіресе, егер науқаста созылмалы аурулар болса, енгізу қалады, әлсіздік байқалады.


МӘМС жүйесін іске асырудың оң факторларының бірі медициналық оңалтуды қаржыландыруды арттыру және тиісінше пациенттердің оны алу мүмкіндігі болып табылады.

МӘМС арқылы коронавирустық инфекциядан кейін медициналық оңалтудан қалай өтуге болады?

1. Емханадағы дәрігерге бару керек.
2. Дәрігер реабилитолог дәрігердің немесе мультидисциплинарлық топтың (МДТ) консультациясына жолдама береді.
3. Реабилитолог немесе МТД науқастың жағдайын бағалайды және қалпына келтіру шараларының қажетті курсына таңдайды.
4. Оңалту шаралары тыныс алуды қалыпқа келтіруге, асқынұларды азайтуға, өмір сүру сапасын жақсартуға және мазасыздық пен депрессия белгілерін жеңілдетуге бағытталған.
5. Функционалдық бұзылу дәрежесіне байланысты медициналық оңалту стационарлық, сондай-ақ амбулаториялық жағдайларда да жүргізілуі мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: көрсетілімдер болған кезде оңалтудан үйде емделіп, медициналық ұйымдарға жүгінбеген пациенттер де өте алады. Олар үшін әрекеттер алгоритмі бірдей.

Қорда медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі бойынша сұрақтар туындаса, емхананың Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметіне жүгіну керектігі еске салынады. Егер мәселенің шешілуіне қол жеткізу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтінішті ұйғайлы байланыс арнасы арқылы қалдыру керек: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram -дағы SaqtanduryBot.

ОМІСРОН:
КОРОНАВИРУС
ЖАҢА
МУТАЦИЯСЫНЫҢ
БЕЛГІСІ ҚАНДАЙ?

Африканың оңтүстігінен коронавирустың тағы бір мутацияланған түрі пайда болды. Атауы – Omicron. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл штамды оңтүстік Азияны есеңгіретіп кеткен «дельта» штамнан да қауіпті деп атады. Қазір ғалымдар вирус жайлы барынша көбірек білу үшін күндіз-түні сараптау жүргізіп жатыр.

Әзірше omicron-ның нақты қай жерден шыққаны белгісіз. Жаңа мутацияны алғаш анықтаған – Оңтүстік Африка Республикасының ғалымдары. 25 қараша күні Гонконг пен Ботсван тұрғындарынан табылған. Кейін Израиль мен Бельгиядан табылды. Вирус қазір Ұлыбритания, Германия, Италия мен Аустралияға тарап үлгерді.

ВИРУСТЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

Ғалымдардың айтуынша, Omicron жайлы мәлімет өте аз. Сондықтан оның қауіп-қатері мен қандай зардап әкелуге қауқарлы екенін дәл айту қиын. Бірақ Оңтүстік Африка Республикасы ғалымдарының айтуынша, аталмыш мутацияның қауіптілігі сонда – тез тарағыш, тез жұққыш келетіні. Бұған ғалымдар трансмиссивті деген сипаттама берген.

«Коронавирусқа жаңа мутация тез таралуға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, жаңа мутация да COVID-19-дың тез жұғуына жол ашпақ», - дейді ЮАР ғалымы, Квазулу-Натал Университетінің профессоры Моса Мошабела

Сондай-ақ, жаңа мутацияның тағы бір қауіпті тұсы – иммунитетті алдай алатыны. Ондай жағдайда вакцинаның көмегі аз боп қалуы мүмкін.

СИМПТОМДАРЫ

Мутацияны алғаш ашқан ОАР ғалымдарының айтуынша, вирус жұқтырудың нақты белгілерінің бірі – қатты шаршау. Сондай-ақ, вирус жұқтырған адамның дене қызуы қатты көтеріліп, жүрек соғысы жиілейді. Иіс сезу мен дәм сезу жоғалмайды. Басқа белгілері әзірше белгісіз.

ИЗОЛЯЦИЯ

New York Times газетінің жазуына қарағанда вирус бүкіл әлемге тарап үлгерген болуы мүмкін.

«Ғалымдар вирусты бір апта бұрын ғана тапқаны белгілі. Бірақ соған дейін жаңа штамм бүкіл әлемге тарап үлгерген болуы мүмкін деген қауіп бар. Бұлай болса, дүниежүзі елдерінің COVID-пен күрес шарасына түбегейлі өзгеріс енуі мүмкін», - деп жазады басылым.

Қазір Еуропа елдері қатаң карантин режимін енгізуге дайын отыр. Израиль шетелдіктерді кіргізуге тыйым салды.

Ал BBC басылымының жазуынша, жаңа мутацияны тоқтатудың бір амалы – вакцинаны ауыстырып салдыру болуы мүмкін деп болжам жасайды.

«Бір жағынан әбестік болуы мүмкін. Бірақ теориялық мәліметтерге сүйенсек, жаңа штамға қарсы иммунитетті күшейту үшін вакцинаны араластырып қолданған дұрыс болмақ. Сол арқылы ағзада антидене көбейіп, жаңа мутацияны анықтау мүмкіндігі жоғарылайды», - деп есептейді басылым тілшісі.

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/lafystay/Zdorove/66795/>

**МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТ - АЗАМАТТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН
ОНЫҢ АППАРАТТАРЫНДАҒЫ
КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІ**

Мемлекеттік қызмет әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылады, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен жолсапар шығындары бюджеттен өтеледі және қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдықталады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі болады. Қызмет мерзімі ішінде мемлекеттік қызметшілерге өз өкілеттігін жүзеге асыруға керекті міндеттер мен арнайы құқықтардан бөлек әлеуметтік артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 21-бабында әрбір адамның өз елін басқаруға қатысуға құқы танылған. ҚР сол декларацияға қосылушы мемлекет ретінде өзінің әрбір азаматының Мемлекеттік қызметке кіруге деген тең құқығын Конституцияда белгіледі. Мемлекеттік қызметке үміткерге қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына қарай әртүрлі болады. Соған орай азаматтың Мемлекеттік қызметке кіруіне кедергі болатын негіздер де заңдарда көрсетіледі. Басты негізге азаматтың қасақана қылмыс үшін сотталғандығы жатады. Шет ел азаматтарының ҚР-ның Мемлекеттік қызметіне кіруіне құқы жоқ. Конституцияға сәйкес, мемлекеттік қызметкердің жасы 60-тан, ерекше жағдайларда 65-тен аспауы тиіс екендігі көрсетілген.

• **Сұрақ-жауап**

Сұрақ: Ұзақ үзіліс болған жағдайда мемлекеттік қызметке қайта кіретін тұлғалар үшін тестілеуден өту керек пе?

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 27 бабы 8 тармағына сәйкес, теріс себептермен немесе олардың қызметін бағалау, сынақ мерзімінің не аттестаттау қорытындыларының нәтижелері бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, адам мемлекеттік қызметтен шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер ол өзге жеке және мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалармен еңбек қатынастарында тұрмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерге шықпаған жағдайда, тестілеуден өтпестен, конкурстық қорытындысы бойынша «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға және (немесе) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурстық және сайлауға қатысуға құқылы. Осылайша, егер жұмыстан босатылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен астам уақыт өтсе, үміткер конкурстық қатысу үшін тестілеуден өтуі тиіс.

**Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
департаменті
Мемлекеттік қызмет басқармасы**

Тайынша ауданының әкімі және әкімшілік аппараты
ЯН АДОЛЬФОВИЧ БОГИНСКИЙДІҢ
қайтыс болуына байланысты
туған - туыстарына көңіл айтады

Аким района и аппарат акима Тайыншинского
района выражает искренние соболезнования
родным и близким по поводу кончины
БОГИНСКОГО ЯНА АДОЛЬФОВИЧА

Тайынша ауданының әкімі мен аудан әкімінің аппараты
Тайынша ауданының статистика басқармасының басшысы
Нина Францевна Шульгинаға
АНАСЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты көңіл айтады

Аким Тайыншинского района и аппарат акима района
выражают искренние соболезнования
руководителю управления
Статистики Тайыншинского района
Шульгиной Нине Францевне
по поводу кончины
МАТЕРИ

«Тайынша таңы» газетінің ұжымы
Тайынша ауданының Статистика басқармасының басшысы
Нина Францевна Шульгинаға
АНАСЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты көңіл айтады

**МӘМС БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР**

**Обязательное социальное
медицинское страхование**



**Міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру**

1. Егер өз емханасында / аймағында қажетті дәрігер болмаса, осыған байланысты пациент өзіне қажетті қызметті ала алмаған жағдайда не істеу керек?

Медициналық ұйым Қормен қандай да бір медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасасқан кезде оларды толық көлемде ұсынуға міндеттеме алады.

Егер өнім берушінің медициналық қызметтерді өз бетінше көрсетуге мүмкіндігі болмаса, онда ол бірлесіп орындаушыны тартуға міндетті. Бұл тұрғыда, бірлесіп орындаушы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өнім берушілері базасында тұруы тиіс.

Осылайша, егер пациент бекітілген медициналық ұйымда бейінді маман, қажетті жабдық болмаған жағдайда, онда пациент бірлесіп орындау шарты бойынша басқа медициналық ұйымға жіберілуі тиіс. Егер бірлесіп орындау шарты болмаса, онда бірден Қорға жүгіну қажет. Қордың тарапынан қажетті шаралар қабылданатын болады.

2. Біздің емханада бейінді мамандарға жазба бір ай бойына үнемі толық болады. Пациент ҚДҚ алу мүмкіндігін қанша күн күте алады?

ҚДҚ бойынша Қордың өнім берушілері болып табылатын медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі. Осыдан кейін ғана Қор көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлейді.

Шарт талаптарын мониторингілеу ережесінде ақау қарастырылған, яғни ҚДҚ күтудің ұзақтығы 10 күннен асады. Осының негізінде пациент консультациялық немесе диагностикалық қызмет алуды 10 күннен артық күтпеуі тиіс. Емхана өз пациенттерін уақтылы консультациялармен және тексерулермен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол халыққа уақтылы қызмет көрсету мақсатында бірлесіп орындаушыларды тартуы тиіс.

Осы тұрғыда пациентті жоспарлы тексеру кезінде 10 күнге дейін күту мерзімі қарастырылғанын атап өту қажет. Жіті және кезек күттірмейтін жағдайларда пациентке медициналық көмек дереу көрсетіледі.

3. Адамдар жеке клиникаларға баруға мәжбүр болады, ал онда барлық қызметтерді ақылы түрде алуы қажет, МӘМС жүйесі осыған байланысты әдейі құрылған деген рас па?

Керісінше, МӘМС жүйесін енгізу кезіндегі мақсаттардың бірі медициналық ұйымдар арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. ТМҚКК және МӘМС шеңберінде медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушілеріне қойылатын талаптар, оның ішінде тарифтер бірдей және өнім берушінің меншік нысанына қатысы жоқ. Яғни, халыққа медициналық қызмет көрсетуге өнім берушілердің ең көп саны қатысады.

МӘМС-те сақтандырылған азаматтар өздері таңдаған емханада медициналық қызмет ала алады, соның ішінде жеке клиникада да. Қажет болған жағдайда, емхананың жеке клиникамен бірлесіп орындау шартын жасау мүмкіндігі болса, пациент өз емханасынан аталған жеке клиниканың қажетті дәрігеріне кеңес алуға жолдама сұрай алады.

Айта кетейік, 2021 жылы ТМҚКК қаражаты есебінен амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуге 31,2 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған. Оның ішінде жарты жыл ішінде медициналық ұйымдарға осы қызметтерді халыққа көрсеткені үшін 12,6 млрд теңгеден астам қаржы төленді. МӘМС қаражаты есебінен ҚДҚ-ны амбулаториялық деңгейде көрсетуге биыл 155,7 млрд теңгеден астам сомаға шарттар жасалынды. Оның ішінде алғашқы жарты жылда 79,6 млрд теңгеден астам сомаға қызмет көрсетілді.

4. Балаға стоматологиялық көмек алу үшін жеке стоматологияға жүгінуге бола ма?

Стоматологиялық көмектің өнім берушілері оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар бола алады. Бұл ретте пациент өзіне лайықты стоматологиялық клиниканы таңдауға құқылы. Сіз оны Қордың ресми (fms.kz) интернет-ресурсында орналасқан тізімнен таңдай аласыз: «Медициналық қызметтерді сатып алу» блогы, «ҚДҚ қызметтеріне өнім берушілер» бөлімі.

Айта кету керек, қазір елімізде стоматологиялық қызметтердің 600 – ден астам өнім берушісі жұмыс істейді, олардың жартысына жуығы-жеке клиникалар. 7 айда 5,5 миллионға жуық стоматологиялық қызмет көрсетілді, оның ішінде 4,8 миллионға жуық қызмет 0 – ден 17 жасқа дейінгі балаларға көрсетілді.

Естеріңізге сала кетейік, жоспарлы стоматологиялық көмекті 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер ғана ала алады.

Шұғыл стоматологиялық көмек келесі азаматтарға көрсетілуі мүмкін:

- 18 жасқа дейінгі балалар;
- жүкті әйелдер;
- Ұлы Отан соғысына қатысушылар;
- I, II, III, IV топтағы мүгедектер;
- алтын, күміс алқалармен марапатталған көп балалы аналар;
- атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- жасы бойынша зейнеткерлер;
- инфекциялық және әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастар;
- мүгедек балаға және бала кезінен I - топтағы мүгедектерге күтім жасайтын, жұмыс істемейтін адамдар.

5. Мені МӘМС бойынша талдауларды тегін тапсыру мүмкіндігі қызықтырады. Д витаминіне талдау жасау сақтандыру пакетіне кіре ме? Мен оны әдетте ақылы түрде, жеке зертханада тапсырамын.

Д витамині, көптеген басқа зертханалық талдаулар сияқты, МӘМС пакетінде қарастырылған. Бұл талдау барлық адамға бірдей көрсетілмейді, тиісті көрсеткіштер болған кезде, сонымен қатар емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша жүргізіледі.

Яғни, учаскелік дәрігердің қабылдауына келу қажет, ол зертханалық талдау жүргізу қажеттілігін бағалайды және МӘМС шеңберінде жолдама береді не бейінді маманның қарауына жібереді.

6. Медициналық ұйым ақылы тексеруден өтуді ұсынады, бірақ мен сақтандырылған тұлға ретінде оны МӘМС бойынша өтуді қалаймын. Осыған байланысты Қордың ұстанымы қандай?

Ақылы медициналық қызметтерді медициналық ұйымдар шарттық негізде және азаматтардың өздерінің бастамасы бойынша, оның ішінде мамандардың жолдамасынсыз көрсете алады.

Бірақ ТМҚКК және МӘМС бойынша қызмет көрсететін медициналық ұйымдарға көрсетілімдер бойынша пациентке тиесілі және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кіретін медициналық көмекті ақылы негізде ұсынуға тыйым салынады. Бұндай құқық бұзушылық орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 424 бабымен әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Пациенттер тарапынан түскен ақылы қызметтерге жіберу туралы әрбір өтініш бойынша Қор сарапшылары медициналық ұйымға жоспардан тыс мониторинг жүргізеді. Егер факт расталса, онда мониторинг нәтижелері бойынша осы медициналық ұйымға айыппұл санкциялары қолданылады.

Қор емделушінің құқығын қорғайды және халыққа ақылы негізде медициналық қызметтерді заңсыз көрсету мәселесіне қырағылық танытады.

Медициналық көмек алуға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда өз емханаңыздағы Пациентті қолдау қызметіне жүгінуіңіз қажет. Егер жағдайы сол жерде шешу мүмкін болмаса, Қорға ресми келі байланыс арналары: 1406 байланыс орталығы, «Qoldau 24/7»мобильді қосымшасы, Қордың www.fms.kz сайты, Telegram-дағы Saqtandyry-bot арқылы өтініш беруге болады.

«ӘМСҚ» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 28 Таралымы: 1000.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнамаңыз, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.